Deutsche Vertretungen
in Kasachstan

Тілдік курстарына қатысуға арналған виза

Негізгі ақпарат

- Сіз барлық ақпараттық парақтар мен бланкілерді визалық кеңселерден немесе шетелдік дипломатиялық миссияларының сайттарынан тегін ала аласыз.
- Сондай-ақ, «Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпарат» ескертпеге назар аударыңыз. Егер Сіз Германияда жоғары оқу орнына дайындық ретінде тілдік курсына қатысуыңыз келсе, «Оқу» туралы ескертпеге назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің ресми сайтынан алуға болады
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- **Тігілген құжаттар (мысалы, нотариалды куәландырылған аудармалар) бір данада тігілмеген түрде ұсынылуы керек. Бұл өңдеу процедурасын жылдамдатады.**
- **Тек анық оқылатын құжаттар ғана қабылданады.**
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

Виза өтініштерін бақылау тізімі Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.
☐ Ұлттық виза алу үшін неміс тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған өтініш.
☐ Тұрғылықты тұру заңының 54-ші § сәйкес түсіндірмеге қолыңыз қойылуы қажет.
☐ 2 **биометриялық** төлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ Фотосуреттің үлгісі)
☐ Иесінің қолы қойылған жарамды төлқұжат + төлқұжат деректері беттерінің бір данасы. Төлқұжатта қол қойылуы және кемінде үш бос бет болуы керек.
☐ Тілдік мектептің шақыру хаты. Онда курстың орналасқан жері, курстың ұзақтығы, аптасына сағат саны (аптасына кемінде 18 сағат) туралы ақпарат және болатын мерзімге төленген курс ақысын растайтын құжат ұсынылуы қажет.
☐ Алдын ала дайындықтан өткен туралы құжаттың тұпнұсқасы мен екі көшірмесі:
○ Мектеп НЕМЕСЕ университет бітірген туралы **куәлік пен бағалар тізімі** (мысалы, аттестат, бакалавр куәлігі, диплом).
○ Соңғы НЕМЕСЕ қазіргі уақыттағы жұмыс берушінің анықтамасы, егер Сіз жұмыс істеп жүрсеңіз.
☐ Толық таблица түрінде жасалған білімі мен жұмыс тәжірибесі көрсетілген өмірбаян.
☐ Өзі жазып және өзі қолын қойған уәждемелік хат; хатта тұруға байланысты жоспарланған күтулер, кәсіби және жеке пайдалар, сондай-ақ болашаққа жоспарлар көрсетілуі керек.

☐	Шетел тілін оқығандығын растайтын құжаттың <u>түпнұсқасы мен бір көшірмесі.</u>
☐	Егер тілдік курс жүргізілген уақытта оқу немесе жұмыс тоқтатылған жағдайда: университеттің академиялық демалыс немесе жұмыс берушінің демалыс бергені туралы растайтын құжаттың <u>түпнұсқасы мен бір көшірмесі.</u>
☐	Тілдік курсының жоспарланған мерзімге айына 1091 еуро көлемінде қаржыландыруды растайтын құжат. **Осы құжат келесі түрде ұсынылуы мүмкін:**
	○ **Стипендия** бөлінгені және онын берілгені туралы растайтын құжаттың <u>түпнұсқасы мен бір көшірмесі</u>. Егер стипендия айына **1091 евродан** аз болса, онда айырмашылығын келесі баламалардың біріне сәйкес растауға болады:
	○ Актуалдық міндеттеме қабылдау туралы мәлімдеме (өтініш беру кезінде 6 айдан аспайтын) тұрғылықты тұру заңының §§ 66-68 сәйкес «тілдік курсын» өтуі үшін және төлем қабілеттілігін растайтын <u>түпнұсқасы мен бір көшірмесі.</u>
	○ Неміс банкінде бұғатталған шоттың ашылғанын растайтын құжаттың <u>екі данасы</u>. Осы шоттан жоспарлаған мерзімге айына **1091 еуро** алынуы керек. Виза алу үшін өтініш тапсырылған кезде, осы шоттың ресми ашылуы және төленген жалпы қаражат пен ай сайын қолға берілетін қаражат көрсетілуі керек. Бұл қаражатты көрсетпестен растау жеткіліксіз. Бұғатталған шотты Германияда мақұлданған барлық қаржы институттарында ашуға болады.
Кәмелетке толмаған өтініш берушілер:	
☐	Өтінішке және тұрғылықты тұру заңының 54-ші § сәйкес түсіндірмелерге барлық заңды қамқоршылар қол қою керек.
☐	Апостильденген туу туралы куәліктің <u>түпнұсқасы мен + бір көшірмесі</u>.
☐	Егер туу туралы куәліктегі әкесі туралы мәлімет шешесінің айтуымен жазылған болса: АХАЖ бөлімінің №4 формасы бойынша жақында алған (өтініш берген кезде 4 аптадан аспауы керек) апостильденген анықтаманың <u>түпнұсқасы мен бір көшірмесі.</u>
☐	Егер ата-анасының біреуі қайтыс болған жағдайда немесе ата-аналық құқығынан айырылған болса: қайтыс болу туралы апостильденген куәліктің немесе апостильденген сот шешімінің <u>түпнұсқасы мен бір көшірмесі.</u>
☐	Тілдік курс кезінде өтініш берушінің Германияда болуына сәйкес барлық заңды қамқоршыларының нотариалдық келісімі туралы мәлімдеме (өтініш берілген кезде 3 айдан аспайтын) <u>түпнұсқасы мен + бір көшірмесі.</u>
☐	Барлық заңды қамқоршылардың шетелдік төлқұжатының немесе жеке куәлігінің <u>бір көшірмесі.</u>
☐	Жекелеген жағдайларда, шетелдегі дипломатиялық миссиясы виза берген кезде заңды қамқоршылардан Германиядағы балаға күтім жасау кімге сеніп тапсырылатыны туралы мәлімдеме талап етуге құқылы.
Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ өтініш берушілерге:	
☐	Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, <u>түпнұсқасы мен бір көшірмесі.</u>